

# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



## **КӨКЕЙТЕСТІ**

*М.Мырзахметұлы*

Аралас мектеп және  
шала қазақ мәселесі

## **Тарих және Біз**

*М.Қойгелдиев*

Ағартушылық кезең  
туралы жаңа көзқарас

## **ДІН және ҚОҒАМ**

*Ә.Дербісәлі*

Татар-Башқұрт елінде

## **Поэзия**

*Т.Мегетбек*

Қу ағаштан бұ шығардым



**Әбсаггар ДЕРЫСӘЛІ,**  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор, Шығыстану  
институтының директоры

# ТАТАР-БАШҚҰРТТАР ЕЛІНДЕ

## 1. ЕЖЕЛГІ БҰЛҒАР ЖЕРІНДЕ

Еділ бойындағы Татарстан Республикасының жаңа Президенті Рүстем Миннихановтан хат келді. Онда ол маусым айында өтетін «Ізгі Болғар жиыны» атты конференцияға шақыра отырып, жиын соңында зәулім мешіт ашылатынын қаперге салыпты. Азия, Африка, Еуропа елдерінде өтетін діни және дүнияуи да іс-шараларға қатысып жүргенімізбен, Ресейдегі ислам әлемінің солтүстік форфосты саналатын елдегі бауырларымыздың қуанышына неге ортақтаспасқа деген оймен шақыруды қабыл алғанымызды мәлімдедік. Оның үстіне Алматыдан Қазанға тікелей рейс ашылыпты.

Татар бауырлар дегеннен шығады, Еділ бойындағы тілі бір, тілектес, қандас, діндес бауырларымыздың шапағатын кезінде қазақ халқы да көрген. Біріншіден олар XIX, XX ғасыр басында талай қазақ оқымыстылары және қаламгерлерінің еңбектері мен фольклорлық шығармаларын Қазанда бастырумен қатар, халқымыздың діни ағарту ісіне де көп көмектескен. Екіншіден Троицк, Орынбор медреселері қазақ халқының ілім-білімге ұмтылған көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарын оқытып, дін кадрларын даярлауға үлес қосумен қатар, көптеген татар молдалары діни-руханият саласы бойынша да қазақ еліне қол ұшын берген. Үшіншіден Орал, Ақтөбе, Көкшетау, Қызылжар, Семей, Алматы және т.б. қалаларға мешіт, медреселер салған. Ұстаздық етіп қазақ балаларын оқытқан. Олар салған мешіттердің бірқатары күні бүгінге дейін дін аман тұр, отанамыздың діни-рухани өміріне шапағатын тигізуде. Қазақ-татар әдеби, мәдени, діни байланыстарын зерттеймін деген кісіге де жол ашық, әрі қажетті материалдар түрлі мұрағаттарда күні бүгінге дейін шаң басып жатыр.

Алматының шығыс жағында татар слободасы деген махалла болған. Қазір ол татарка деп аталады. Оның негізін 1860 жылды Вятка, Қазан, тобылдық татарлар құрған. 1879 жылы Верныйда 600-дей татарлар тұрған көрінеді. Олардың мешіті де болған. Ол қазір қалпына келтірілді.

Сонымен Қазанға аттандық. Ұшақ толы жолаушылар. Бәрі отандастарымыз. Әрқайсысы Татарстанға әртүрлі себеппен бара жатыр. Татарлар да қазақ сархасына білім, ілім жеткізу үшін бір кездері дәл осылай келген-ау деймін ризашылықпен өткенді еске алып.

Әуежайда бізді Татарстан мұсылмандары діни басқармасы басшылығының жауапты қызметкерлері қарсы алды. Сәлем, саулықтан соң Қазанды бетке алдық. Ежелгі Еділ бойындағы қалада жаңа да, зәулім үйлер көп сияқты. Орталығына таман XVIII-XIX ғасырларда салынғандары ұшыраса бастады. Әйтсе де шіркеулер көп пе деп қалдым.

Түс қайта кітап жәрмеңкесіне бардық. Олардың басым бөлігі ислам діні мен тарихына арналған, яғни бұл діни кітаптар жәрмеңкесі болып шықты. Бұл да жайдан жай емес екен. Танертең шаһар орталығындағы Ғ. Камал академиялық театрында бүкіл Татарстан ислам діни қызметкерлерінің форумы басталған. Оған республиканың имамдары ғана емес, сондай-ақ Ресей, Белоруссия, Украина Польша секілді елдерден де ислам діні басшылары келіпті. Көпшілігі татарлар. Арасында шетелдіктерден Түркия діни істер басқармасының төрағасы Мехмет Гөрмес де бар. Осындай ұлағатты жиынға Ислам ынтымақтастығы ұйымының төрағасы Экмаладдин Ихсан оғлы да шықырылыпты.

Жәрмеңкеде Қазандық дін қайраткері Валиулла Якубов кездесе кетті. Шын ынты-шынтасымен амандасып жатыр.



– Қош келдіңіз, мүфти хазрет, ежелгі татарлар, бауырларыңыз еліне, – дейді ол ағынан жарылып.

– Қош болдық, қош болдық Валиуллажан, – дейміз біз де құшағымызды айып.

2004 жылдың 28 наурызы мен 4 сәуірі арасында Алматыға – діни басқармаға Татарстан мұсылмандары діни басқармасының делегациясын бастап осы Валиулла Якубов келген болатын. Мақсат – Қазақстанның діни басқармасының қызметімен танысу еді.

Валиулла ашаңдау келген ақсары жігіт, діни істерден басқа ислам ғылымымен де айналысады. Тарих ғылымдарының кандидаты. Татар бауырларымыздан келген делегацияға барынша құрмет көрсеттік. Алматының діни, мәдени, тарихи, орындарымен таныстырдық. Елдеріне оралғаннан кейін ол орыс тілінде «В самой большой мусульманской стране» атты мақала жазып жариялапты. Бізге де біреуін жіберіпті. Оның ол дүниесі 2007 жылы Алматыда өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында жарияланды (Әбсаттар Дербісәлі және шығыстану мен руханият мәселелері. Алматы, «Қазақ университеті», 2007, 111-бет.)

Валиулла ваххабизмге жаны қас жігіт. Елінен осы бір діни ағымды аластау үшін барын салып жүргенін айтты.

Қазақстандағы түрлі ұлт өкілдері бас қосқан біздегі Ассамблея секілді үйде болғанымызда, әдеміше келген, ұзын бойлы, қара торы жігіт келіп танысты. Өзін Илдус Файзов, Татарстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы деп таныстырды ол.

Бұрынғы бас мүфти Усманхан Искаковты жақсы білуші едім. Онымен талай конференцияларды ұшырасып жүретінбіз Алматыда да кездескенбіз. Осыдан бірер жыл бұрын ол мансабын осы Илдус Файзовқа берді деп есіткенмін. Кейіннен Усманханмен Кувейтте ұшырасып қалдым. Ол сонда тұрып жатыр екен.

Сонымен ертеңіне бәріміз Қазаннан 235 шықырым жердегі, ортағасырлардағы Бұлғария мемлекетінің астанасы және ондағы ислами жәдігерліктерді көру, онда өтетін ислам конференциясына қатысу үшін, таңғы сағат 6-да бірнеше автобустарға бөліне отырып жолға шықтық. Жаз болғанымен күн салқындау, бұлтты. Бірақ жер көкпенбек. Татарстанда әрине біздегідей 30° ыстық болмайтын секілді. Жол бойы жап-жасыл, қаптаған орман-тоғай. Ара-кідік үлкенді-кішілі кенттер де ұшырасады. Ара-арасынан дәулетті кісілердің коттеждерін де көріп қаламыз. Соған қарап жалпы жұрттың жағдайы жаман емес-ау деп шамаладық.

Құрметті оқырман! Енді назарларыңызды біз бара жатқан ежелгі Бұлғар мемлекетінің тарихына аударайын. Өйткені олар жайлы жұрттың бәрі біле бермесе керек.

Ресей халықтарының сан ғасырлық тарихында Ислам ерекше маңызға ие болып, рухани өмірінде

шешуші рөл атқарғаны белгілі. 922 жылы Еділ Бұлғариясының (бұлғар, болғар – көшпелі түркі тайпаларының бірі) Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдауы татар халқы тарихының маңызды әрі негізгі даму бағытын айқындап берді. Ол аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, рухани орталыққа айналдырды.

Исламның осы күнгі татарлардың арғы ата-бабалары бұлғарлар арасында тарала бастауын кейбір ғалымдар (Ш.Маржани) халифа Мамұнның (813-833 ж.ж.) патшалық кезеңімен байланыстырса, ал енді біреулері (Р.Фахрутдинов) Абд ол-Малик бин Мардан (685-705 ж.ж.) уақытында хазарлар арқылы таралуы мүмкін деген болжам жасайды.

Әрине IX-X ғасырларда Еділ бойына келген бұлғарлардың бір бөлігінің мұсылмандықты қабылдап үлгергендігін жоққа шығару қиын. Ислам бұл жаққа Орта Азия арқылы ене бастады, бұған бірінші кезекте сауда-саттықтың ықпалы болды. Бұл дегеніміз, Орта Еділ бойындағы мұсылмандық дәстүрлер Ортаазиялық құқықтық мектептердің, бірінші кезекте ханафи мазһабының ықпалы аясында қалыптасқанын көрсетеді.

922 жылы ислам Еділ бұлғарларының мемлекеттік діні деп жарияланды. Бұлғарлар мұсылман әлемімен байланысқа түсе бастады, бұл жайлы ортағасырлық араб-парсылардың географиялық және тарихи әдебиеттерінде айтылған. Бұлғария, өз кезегінде бұрынғы Еділ маңының мұсылман орталығы ретінде Алтын Орданың исламдандырылуына да үлес қосқаны мәлім.

Шығыс Еуропа мемлекеттері астанасына баланған Бұлғар шаһары Еділ сағасындағы Кама жазығында еді. Бүгінде ол ескі қала ескерткіштері мәдени мұраларының қатарында. Бұлғар шаһары Еділ-Кама Бұлғар мемлекетінің саяси-экономикалық, мәдени орталығы болды. Мұнда хан ордасы қыз-қыз қайнаған тұрмыс-тіршіліктің орталығына айналады, теңге шығарылып, қолөнер дамыды, Уақыт өте шаһар орталығында хан сарайы бой көтеріп, күмбезді мешіт пайдалануға берілді. Шалғайдағы Қытай мен Византиядан, Иран мен Орта Азия және көршілес орыс жерінен келіп, халықаралық сауда орталығы ретінде белгілі болды. Сондай-ақ, мұнда әйгілі ақын – Құл Ғали (1183-1240 ж.ж.), ғұлама тарихшы – Жақып ибн Нұғман (XI ғ.), пәлсапашы – Хамид әл-Бұлғари өмір сүріп, еңбек етті.

XII-XIII ғасырлар аралығында жақсы дамыған Бұлғар қаласы монғол шапқыншылығына ұшырап, жермен жексен болды. Дегенмен, өзге Бұлғар шаһарларынан айырмашылығы XIII ғасырдың орта тұсынан бастап қайта көтеріліп, XV ғасыр ортасында еңсесін түзеді. Тұрғындарының саны 50 мыңнан асып, көрі құрлық қалаларының біріне айналды.

Бүгінде Бұлғар айналасы 5 шақырымнан астам жерді алып жатқан XIII-XIV ғасырлық сәулет



ескерткіштерінің бірі. Ондағы күмбезді мешіт, кесене, Хан тұрағы мен моншасы, Кіші мұнара секілді тағы да басқа көптеген археологиялық ескерткіштер татар бауырларымыздың мақтанышы.

Бұлғар өлкесі Исламды Айдар хан (Алмуш, Алмас) тұсында, яғни X ғасырда қабылдады.

Айдар хан Бағдат халифасы сарайындағы славяндар басшысы, тегі бұлғарлық Нәзірмен (Навир) хат жазысып тұрған. Бұлғар әміршісінің Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдау жөніндегі шешімі туралы хатты халифа әл-Мұқтадирге осы Нәзір жеткізген деседі. Хатпен танысқан Бағдат әміршісі Еділ Бұлғариясына елшілерін аттандырады. Олардың құрамында Саусан ар-Раси, Текин ат Турки, Парс ас-Сақалиби және ресми хатшы Ахмед ибн Фадлан болған. Халифа әл-Мұқтадир соғыс пен қауіпсіздік мәселелерінде славяндар мен түркілерге арқа сүйейтін.

Бұлғар өлкесіне аттанған төрт кісінің үшеуінің Еділ бұлғарлары аймағынан шығуы көп нәрсені аңғартса керек. Санкт-Петербурлық шығыстанушы, арабист, профессор Анас Халидовтың пайымдауынша, осындай жәйттер IX ғасырдың соңы мен X ғасыр басындағы Бұлғар мемлекеті мен Бағдат халифаты арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарға қан жүгірткен. Ғалымның пікірінше, дәл осы кезеңде халифатқа белгілі дәрежеде түркілердің ықпалы болған. Түркілер ислам қоғамына жатсынбай сіңіскен. Олардың арасынан ғылым мен білімге ден қойған ғалымдар, шенеуніктер, саудагерлер мен әскерилер шыққан. Түркілердің Аббас Халифаты әскерінің туы астына топтасуы, олардың Ирак жеріне қоныстауын тездетті. Халифа Мұғтасим (833-842 ж.ж.) гвардиясының негізін құраған түркілер негізінде XIII ғасырда Хорасаннан шыққандар еді.

Бұлғар патшасының Аббас халифасымен жақындасуы аймақтағы әскери-саяси билікті күшейту ойынан туған еді. Алайда, халифа әскерінен тиер тікелей пайданың шамалы екенін Бұлғар патшасы әрине білді. «Өйткені оған жер шалғайлығы мүмкіндік бермейтін еді», – деп жазады өз естелігінде Ибн Фадлан.

Дегенмен, Аббастық халифа тарапынан қандай да бір қолдаудың қажет екендігін, әрі оның маңыздылығын жете ұғынған Бұлғар басшысы мұсылмандар әміршісіне «Пиғыл-ниеттері жаман патшалар мен жауларымынан қорғану үшін қамал салып беруіңізді өтінемін», – деп хат жазды.

921 жылы 21 маусымда Бағдаттан шыққан керуен Ираннан соң Орта Азиядағы Әмудариядан өтіп, Бұхараға атбасын тіреді. Содан кейін дарияға қайта оралып, кемелерге отырып Хорезмге жетті. Сонан осы күнгі Ақтөбе, Батыс Қазақстан жерлерімен жүре отырып Бұлғарияға жақындайды. Сөйткен керуен 922 жылы 12 мамырда Бұлғар жеріне аяқ басады.

Керуеннің қалаға жетуіне бір күн қалғаны жайлы

хабар алған Айдар хан төрт мырзасына бауырларын және ұлдарын қосып қымбатты қонақтарды қарсы алуға жібереді. Қолдарына нан мен тұз, ет ұстаған олар керуен алдынан шығады. Ал, шаһар маңында ханның елшілерді үлкен салтанатпен күтіп алады. «Бізді көрген соң ол атынан түсіп, иіліп құрмет көрсетті де Алла тағалаға ризашылығын білдірді. Қолындағы дирһемдерін төбемізге шаша бастады. Біз оның өтінішімен киіз үйлерге орналастық», – деп еске алады Ибн Фадлан.

Халифаның хатын оқу рәсімі де аса салтанатты жағдайда өткен. Бағдат халифасының жоғары лауазымды шенеуніктері ғана киетін қара шапан мен қара бөрік Елтабарға (Бұлғар басшысына) кигізіледі. Содан кейін бүкіл халық көзінше халифаның хатын Ибн Фадлан оқып берді. Хат мәтіні аяқталғанда жиналғандар бірауыздан «Аллаһу ақбар» деп ұрандатады. Ибн Фадлан: «Жаңғырған дауыстардан жер сілкінгендей болды», – деп жазады. Бұдан соң елшілер Бұлғар патшасы пен патшайымына аса бағалы гауһартас пен сәнді киімдерді сый етеді. Патшайымға ерекше нақышпен тігілген шапан жабылғанда нәзік жандыларға құтты болсын айтылып дирһемдер шашылған. Осымен ұшырасу рәсімі аяқталып, тарихи оқиға құрметіне елшілерді салтанатпен қабылдау басталады. Византиялық үлгіде жасалған тақ ортасына Елтабардың өзі, жанына бәйбішесі жайғасады. Тақтың оң жағына мырзалар, сол жағына қонақтар отырысады. Ұлдары әкесі алдына келіп тұрған. Осыдан кейін барлығы балдан жасалған сусыннан бір-бір кеседен ішіп, үй-үйлеріне тарасады. Келесі күннен бастап, бұлғарлықтарға Ислам негізі үйретіле бастайды. Айдар хан есімін Абдолла деп өзгертеді.

Содан кейінгі ғасырларда Ислам Татарстан мен Ресей аумағында өмір сүретін халықтардың бір-біріне деген толеранттық қарым-қатынастар орнатуына жалпы адами құндылықтардың қалыптасу жолындағы негізгі күшке айналған.

– Өзін құрметтейтін әрбір татар өз ұлтының тарихын білуге міндетті. Өйткені тек Ислам ғана қиынқыстау кезеңдерде бізге күш қуат беріп, тарихи дәстүріміздің сақталуына, ұлт болып ұйыуымызды қамтамасыз етті. Тамыры тереңге кеткен осындай байланыстарымызға сызат түсіргісі келетін қандай да бір күштерге, ниет-пиғылдары дұрыс еместерге Алланың азабы болсын! – деді, конференцияда сөз алған бір татар зиялысы.

Келесі бір қазандық ақсақал:

– Ислам – татар ұлтына жоғары адами құндылықтарға негізделген мәдениетті тарту етті. Бұл жеке мемлекетін құрып, ұлттық рух пен өзін-өзі таңуға даңғыл жол салды. Біз Ресейдің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан татарлар Қазанды ұлттың рухани Отаны деп білеміз. Оның қарыштап дамуы мен болашағына бей-жай қарай алмаймыз, – деді.



Бұлғарияда орта ғасырларда діни оқу орындары жұмыс істеді. Бұлғар шәкірттері білімді тек қана өз медреселерінде ғана алып қойған жоқ, сонымен қатар, мұсылман шығысы мемлекеттерінде – Орта Азия мен Таяу Шығыста да оқыды. Исламды қабылдаумен бірге ел ішіне Орта Азиядан қағаздарға жазылған әдебиеттер әкеліне бастады. Қағаздың пайда болуымен Бұлғарияда қолжазба кітаптар таралу үрдісі етек алды, сондай-ақ тұрғындардың басым бөлігін жазуға үйретуге мүмкіндік туды. Халық арасында сауаттылықтың таралуына мұсылман руханияты да мүдделі болды, өйткені арабша оқу-жазуды білу қасиетті Құран және діни кітаптармен ешқандай дәнекерсіз танысуға мүмкіндік берді. Діни әдебиеттерді меңгере отырып, шаманизмге қарсы тұруға болатын еді. Әрине қарапайым сауаттылықты арттыру мен Бұлғар қоғамын исламдандыру процесі ұзақ жүрді.

Бағдад халифасының елшілері Бұлғария астанасында болған кезде елдің кіндік қаласынан күмбезді мешіт салу мәселесі қойылған. Әрине мұсылман әдегі бойынша әрбір махаллада мешіт болуы табиғи нәрсе және осы дәстүр бүгінге дейін сақталып келетіні белгілі. Бұлғарларда жалпы орта ғасырларда ағаш ғибадатханалармен қатар тас күмбезді де мешіттер болған. Әрбір мешіт жанындағы медреселерде шәкірттер тәрбиеленген.

Күмбезді мешіт Бұлғарияда моңғол шапқыншылығынан кейін де болды. Мұндай археологиялық мәліметтер көрсеткендей XIII ғасырдың 60-шы жылдары бой көтерген мешіт орны табылған. Мешіт қаланың басты сәулеті еді, ол мемлекеттің қуаттылығын, исламның ұлылығын көрсетуі және шетелдіктерді өзінің көлемі мен әдемілігі арқылы таңқалдыруы тиіс-ті. Бұлғариядағы алғашқы ғибадатхана көлемі 32х34 м. тікбұрышты жоспармен салыныпты. Оның ішкі тікбұрышты паруаздары арканы, әрі ағаш төбені ұстап тұрған, ағаштан жасалған еденге сұйық әк құйылған. Ғибадатхананың қабырғалары жан-жағы әрленген тастармен қаланған. Тереңдігі 2 м. іргетастар нығыздалған емен тамырларына құйылыпты, ал қабырғалары мен бұрыштары емен түбірлерімен қатайтылған. Оңтүстік жағына алтарлық ниша-михраб жасалып, ол бай өрнекті кескіндермен безендірілген.

Ішкі зал терезелермен жабықтыалыпты. Негізгі кіретін есік солтүстік жақта болса, солтүстік жағы мұнаралармен жанасып жатқан. Осы көрінісімен Бұлғар мешіті шамамен жарты ғасырдай тұрған. XIII ғасырдың соңы XIV ғасыр басында ғибадатхана қирағанымен соңынан қайта қалпына келтірілген деседі.

Бұлғария әсіресе XI-XIII ғасырларда экономика, саяси-әлеуметтік және мәдени өсу жағынан жетістіктерге жетті, осылайша рухани мәдениетте кәсібиліктің туындауына мұрындық жасады. Осы

кезеңдегі Бұлғар мәдениеті жазба мәдениет дәуірі болды. Араб әліппесі енгенге дейін бұлғарлар түрік-орхонға жақын келетін руникалық графиканы пайдаланған.

Осы фактының өзі бұлғарлардың араб графикасы негізінде жазуды қабылдауға және әрі қарай осының негізінде өз жазу мәдениетін жоғары деңгейге жеткізуге дайын болғанын көрсетеді. Бұлғарлардың гүлденуі кезеңінде мешіттер жанына имамдар және азаншылары бар бастауыш мектептердің кең желісі пайда болған.

«Көптеген шығыс мешіттері арасында өзіндік ерекшелігі бар Бұлғариядағы айтылмыш күмбезді мешітті Солхаттағы Қырым мешіті және Кониядағы (Түркия) Сұлтан Алаутидин мешітімен қатар қоюға болатын еді деседі татар бауырларымыз. Бұл екі ғибадатхана басқа мешіттерге қарағанда бұлғар сәулетіне жақындығымен ерекшеленген.

Мұсылмандық шығыс мәдениетімен үйлесім таба бастаған Еділ бұлғарлары VII-IX ғасырларда Араб халифаты кезеңінде қалыптасқан мәдени ғимараттарды сәулет үлгілері ретінде қабылдаған. Төсеніш материалдары, құрылыс барысында пайдаланылған техникалық тәсілдері жағынан күмбезді мешіт және Бұлғарлардың басқа да мешіттері Закавказье, Қырым, Кіші Азияның құрылыстарына да ұқсас болған. Сонымен қатар мүлдем бөлек, солтүстік табиғи-климаттық шарттарға, өзіндік мәдени дәстүрлері мен құрылыс ерекшелігі мүмкіндіктеріне қарамастан, ежелгі Бұлғарлар солтүстік шарттарына бейімделген шығыстық сәулет өнерінің тармағын да жасаса керек.

XVI ғасырдың екінші жартысында Қазан хандығын орыс мемлекеті жаулап алғаннан кейін татарлар көптеген дәстүрлі діни институттарын жоғалтып алды. Осындай кезде татарлардың мұсылман ретіндегі тұтастығы ерекше маңызға ие болды. Ғалымдар мен рухани қайраткерлердің басым бөлігі ислам дінінің тіл және мәдениет секілді маңызды үш тұғырының бірі ретінде татар халқының Ресей мемлекетінің қол астында болған ұзақ жылдар бойында дербестігін, өзін қамтамасыз ететін этнос ретінде сақтап қалуына мүмкіндік жасағанын айтады.

Ибн Фадланың сапарнамасын орыс шығыстанушысы А.П.Ковалевский араб тілінен орыс тіліне тәржімалап, 1956 жылы түсіндірмелермен Харьковте жариялаған. Мен өткен ғасырдың 80-жылдары ол дүниенің араб тіліндегі нұсқасын тауып, оны А.П.Ковалевский тәржімасымен салыстыра отырып, өз аудармамды жасаған едім. Содан ол архивімде қалып қойыпты...

Алдымыздан көл-көсір боп ағып жатқан Кама өзені шықты. Ол Еділге құяды екен. Каманың жіңішкелеу жеріндегі көпірден өтіп, тағы біраз жүрген соң Еділдің биіктеу шығысы жағасындағы ежелгі Бұлғар астанасына жеттік. Ибн Фадлан көрген көне қала түгел сақталмапты. Бірақ аталмыш күмбезді мешіт



пен мұнара, кесене және т.б. тарихи жәдігерліктердің орны бар боп шықты. Татар бауырларымыз олардың кейбірін қалпына келтіріпті.

Бұлғар астанасының ені мен ұзындығы 5-6 шақырымдай. Жан-жағы ор, оның арғы жағы орман. Қираған ескі қаланың оңтүстік батыс жағынан өтетін үлкен жол бойынан бірер шақырым жерге осыдан бірнеше жыл бұрын әдемі мешіт салыныпты. Татар дінбасылары оны Мадина мешітіне сәйкестіндіреді екен. Меніңше, ол Каирді түркі текті мамлюк бабаларымыз билеп тұрған кезде салынған мешіт сәулетін еске түсіретін сияқты. Сырты ақ мәрмәрмен қапталған ғибадатхана шынында да көркем. Бұлғар патшалығы мен Қазан хандығы жұртының бүгінгі ұрпақтары оны «Ақмешіт» деп атапты. Ол жуырда ғана біткен. Осы сапарымыз барысында Ақмешіт үлкен салтанатпен есігін айқара ашпақ!

Бұлғария астанасының солтүстік жағындағы аталмыш күмбезді ескі мешіт пен оның жанынан кесене мен мұнара байқалады. Көне шаһардың солтүстік батысы ауыл. Көлігіміз жаңа мешіт маңындағы ағаштан қиып салынған «нан мұражайына» келіп тоқтады. Таңғы асты сонда іштік. Татарстанның ауыл шаруашылық министрлігі нан мұражайын жасап ізгі іс бітіріпті. Өз басым еш жерден, ешбір мемлекеттерден ондай мұражайды көрген емеспін. Онда нанның түр-түрі қойылған.

Ежелгі Болғар астанасына біраз жұрт жиналыпты. Қонақтар арасында Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Дағыстан, Шешенстан, Белоруссия, Польша, Украина, Түркия сияқты тағы да басқа да елдердің мен білетін, білмейтін де дін қызметкерлері бар. Амандасып, хал-жағдай сұрасып жатырмыз.

Ақмешіт алдында ғибадатхананың ашылу салтанатын күтіп ондаған мың адамдар тұр. Бір қызығы Уфадағы Ресейдің орта бөлігі діни басқармасының төрағасы, Талғат Тажуддиннің ұсынысымен имам, молдалар жасыл шапан киіп, кейбірі омырауларына, ал кейбірі төскейлеріне қызғалдақ бейнесін жапсырып алыпты. Қызғалдақты олар ежелгі Бұлғар мемлекетінің рәмізі еді деп түсіндірді.

Талғат бауырымыз қызық кісі. Мәскеу және Бүкілресей патриархы Кирилл бас киімінің төбесіне крест қойып алса, ол сәлдесінің төбесіне айшық орнатып алыпты. Христиан дінінде крест Бас патриархты білдірсе, Талғат бауырымыз да одан қалыспауға тырысқан сыңайлы. Дей тұрғанмен ешбір елдің ислам діні басшыларынан мұны көрген емеспін.

Көп ұзамай тікұшақпен келген Татарстанның бұрынғы президенті Мыңтемір Шаймиев пен қазіргі президенті Рүстем Нұрғалиұлы Минниханов, Штабпәтері Жиддадағы Ислам интымақтастығы ұйымының төрағасы Экмаладдин Ихсаноглы және Татарстанның премьер-министрі мен өзге де лауазымды кісілер мешіт алдында тұрған біздерге келіп сәлем бере берді. Оларды мейрамдарымен құттықтап жатырмыз. Со-

дан соң мемлекет басшылары әр республикалардың дінбасыларын ертіп, Ақмешіттің бас қақпасына ба-стайтын баспалдақпен ғибадатханаға беттедік. Мешіт алдында бір қари Құран оқып жатыр.

Р.Н.Минниханов халықты «Ізгі Бұлғар жиыны» салтанатымен құттықтап, халқына бірлік, татулық, экономикалық алға басу секілді игіліктер тілеп, өзінің шақыруын құп алып келген қонақтарына рахмет айтса, М.Шаймиев те осы тақырыпта сөз сөйледі. Ел аман, жұрт тыныш болу үшін дінаралық достықты сақтау керек деген секілді жайттарға тоқталды. Ол да жиынға келген меймандарға ризашылығын білдірді. Содан соң Экмаладдин Ихсаноглы ағылшын тілінде сөйледі.

Талғат Тажуддин беліне салып қанжар ала келген екен, соны жоғарыда сөйлеген 3 кісіге сый етті. Қазақ досқа пышақ, яғни суық қару сыйламайды деуші еді. Сол әдет бұларда бар ма, жоқ па білмедім. Дегенмен Рүстем Минниханов пен М.Шаймиев Талғатқа бірнеше тиын ұсынды. Ол әлгі қаруларды сатып алдық дегенді білдірсе керек.

Сөз сөйлеу рәсімі беткен соң мешітке кіріп, сәлем намазын оқыдық. Алла тағала үйінің көркін тамашаладық. Мешіттің сырты қандай көркем болса, іші де өте әдемі екен. Өрнектері керемет. Мешіттің қос бүйіріндегі екі мұнара да ғибадатхана сұлулығымен үйлесіп, Алла үйінің көркін ашып тұр деуге болады.

Татарстан халқының тарихи, мәдени және рухани дәстүрлерін сақтау және дамытуға қолдау көрсету үшін бірінші президент Мыңтемір Шаймиевтің 2010 жылғы ақпан айындағы Жарлығымен Татарстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерін қайта жаңғыртуға арналған Республикалық Қор құрылған екен. Оның қызметінің негізгі бағыты көне Бұлғар және Свияжск қала-градты қалпына келтіріп мұсылман және православиенің киелі жерлерін қатар жаңғырту. Осы жайт Республикадағы дінаралық және ұлтаралық татулықтың нығаюына жағдай жасайды деп есептелген.

Бұлғарияны қайта жаңғырту жобасы үлкен көлемдегі жұмысты талап еткені белгілі. Бұл ежелгі ескерткіштерді ұқыптылықпен жаңғырту және жаңа нысаналар салу деген сөз. Бұлғар жеріндегі діни ренессанстың символы – Ақмешітті тұрғызуды Татарстан халқы аса маңызды іс деп қабылдаған. Жаңа мешіт те кезіндегі ежелгі күмбезді мешіт секілді өзіне зияратшыларды көптеп тартатын орталыққа айналды деп үміт етеді Татарстан халқы.

Бұлғарияда кешенді осындай діни құрылыс салуды Ресей мен Татарстан қауымдастығының ғасырлық игілікті ісі деуге болады. Сөйтіп ежелгі Бұлғар жерінде исламдық құлшылық және ағартушылық мекені татар бауырларымыздың ата діндерін қайта жаңғыртуына сеп болатыны сөзсіз. Мешіт жанында медресенің болуы да ескерілген. Татар халқының осы ежелгі астанасында шәкірттердің діни білім алу-



ды жалғастыруын да билік ләзім санап отырғанының куәсі болдык. Оны ұрпақтар жалғастығының көрінісі және мұсылман Бұлғариясының жаңғыруының символы деуге болады. Ақмешіт кешені Бұлғар музей-қорығының оңтүстік қақпасынан Бұлғар қаласына кіреберіске жақын жерге орналасып, қоршаған ландшафтпен де үйлесім тауып тұр.

Ежелгі Бұлғарияның кіндік қаласында мешіт, медреседен басқа мүфтидің резиденциясының болуы да қаперге алыныпты.

Діни кешен алдына жеміс ағаштары отырғызылып, гүлдер егіліп, су бұрқағы да жасалыныпты.

Ақмешіттен шыққаннан кейін оның оңтүстік жағындағы Татарстан бас мүфтиінің резиденциясына келдік. Ол жерге тек бас мүфтилер ғана жиналды. Содан ғылыми конференция басталып кетті. Оны Рүстем Миннихановтың өзі жүргізіп отырды. М. Шаймиев те бірқатар аталы сөздер айтты. Ол дін қызметкерлері достық жайлы халыққа айтып, уағыздаумен қатар, өздерінің де өзара ынтымақ пен бірлікте болулары қажеттігін ескертті. Ол сөз бостан босқа айтылған жоқ. М. Шаймиев өз сөзінде тағы да: «Жан жаққа тарта берсек, дінімізден де, мемлекетімізден де айрылып қаламыз», – деді.

Өткен ғасырдың 90-жылдары, Б.Н. Ельциннің тұсында Татарстанның да ұлтжанды азаматтары бірігіп, ел тәуелсіздігі үшін күрескені белгілі. Оған Ресей жол берсін бе? Бірақ Татарстан Шешенстан сияқты қарулы күреске бармады. Ол дұрыс та еді. Өйтсе де бір байқағаным татар бауырларымызды «енді біз тәуелсіз бола алмаймыз, тәуелсіздіктің ауылы алыстап кетті» деген пессимизм баураған, көзі ашықтары торығуға түскен.

Конференция кезінде Шешенстанның бас мүфтиі С. Мырзаев Ресейде қазір мүфтилердің көбейіп кеткенін, олардың көпшілігінің өз лауазымдарына лайық еместігін айта келе, Ресейде бір-ақ мүфти болуы қажеттігін алға тартса, Талғат Тажуддин керісінше осы Болғар жерінен де бір діни бірлестік ашайық, осы жерде де бір мүфти болсын деп қалды. Оның алдында ғана сөйлеген Түркия діни басқармасының төрағасы Мехмет Гөрмез, елдерінде 8 мыңға жуық мүфтилер бар екенін айтқан болатын. Түркияда имамдардың бәрі мүфтилер деп аталады. Ресейде де солай. Егер ұмытпасам, қазір Ресейде бірнеше ислами діни бірлестіктер мен бірнеше ондаған мүфтилер бар. Олар бас біріктіре алмауда. Ресей басшылығы да олардың біріккеніне мүдделі емес сияқты. Сөйтіп Талғат Тажуддиннің ежелгі Бұлғар жерінен тағы бір діни бірлестік құрайық дегеніне Шешенстанның бас мүфтиі «Түркияны қуып жетейік дейсіз бе?» деп кетке мырс етті.

Жиында ислами ғылым, білім, кадр мәселесі де сөз болды.

Мен Қазақстанда ислам діни мамандарын даярлау тәжірибесіне тоқталдым. Елімізде қазір 1 универ-

ситет, 1 ислам институты, 9 медресе барлығына назар аудардым. Ол Мыңтемір Шаймиевке ұнады ғой деймін: «Бұл үйренетін нәрсе екен», деп қалды.

Сонан соң Мыңтемір Шаймиевке 2012 жылы Алматыда орыс тілінде жарық көрген «Ислам – религия мира и созидания» атты кітабымды, ал Рүстем Миннихановқа казактың зерделі, әдемі шапаны мен әлгі кітапты да сый еттім.

Түс болып қалған екен. Бесінді ескі мешіт орнында оқыдық. Қаншама ғасырлар өтсе де, көне мешіттің орны жақсы сақталыпты. Татар бауырларымыз оның қираған қабырғаларын қалпына келтіре бастапты. Қонақтардың көпшілігі сонда намазға тұрды, бірақ бәріне бірдей орын жетпей қалды. Сөйтіп біраз кісілер намазды сыртта оқыды. Осы жердің солтүстігінде дін немесе ортағасырлық мемлекет қайраткері ме білмедім, жоғарыда айтылғандай кесенесі сақталыпты.

Мыңтемір Шаймиевтің мына сөзі есіме орала берді: «Халқымызды, тілімізді сақтау үшін, асыл дініміз исламды сақтау керек». Бұл тәуелсіз біздер үшін де есте болар жайт екені сөзсіз.

Шоқ талдар тұрған жерге қонақтарға арнап шапырлар тігіліпті. Онда меймандарға түскі ас берілген соң, түс ауа автобустарға бөліне отырып қайта жолға шықтық. Өйткені Қазанға дейін біраз жер.

Татар бауырларымызда жоғарыда айтылғандай өзінің ежелгі тарихын білуге, мәдениетін насихаттауға, дінін сүюге деген ықылас мол. Олар сондай-ақ өздерін ежелгі бұлғарлармыз деп есептейді. Сондай-ақ салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, тарихымыз да ислам өркененіетімен байланысты деп халқына асыл дінімізді насихаттаулары сүйсінтті.

Орта ғасырларда Еділ бойында түркі халқының бірнеше тармақтары тұрған. Олар исламды ұлттық дін ретінде қабылдап қазірге дейін ұстап келеді. Исламды татарлар (бұлғарлар) сияқты бір мезгілде қабылдағандарымен, одан тайқып кеткен хазарлар йаһуди дініне көшкен соң, жойылып кетті. Тарихта аталатыны болмаса, қазір ондай халық жоқ.

Кештетіп Қазанға жеттік. Театрда қонақтарға арнап Татарстанның мәдениет және өнер қайраткерлері концерт қойды.

Ертелеп Қазанды араладық. Жоғарыда шаһарда мешіттерден гөрі шіркеулер жиі ұшырасатынын айтқанмын. Өйтсе де мешіттер де салынуда екен. Сонымен қатар Татар бауырларымыз ежелгі мешіттерін де қайта жөндеп, көздің қарашығындай сақтап отыр.

Кремль Қазанның орталығында. Бас қақпадан өтіп ішке кірдік. Оңтүстігінде алыстан мен мұңдалап көз жауын алатын Құл Шәріп мешіті тұр. Оның батыс жағы Сүйімбике патшайымның мұнарасы. Бұлардың тарихына да тоқтала кетейін.

Қазан 1432 жылы Алтын Ордадан бөлініп шығып, өз алдына отау тіккен Қазан хандығының астанасы болған. Сафа Гирей хан қайтыс болған соң, жас бала-



сы Өтеміш Гирей таққа отырысымен анасы Сүйімбике ресми тәрбиешісі болған. Бірақ 1551 жылы ханның жаулары оны анасымен бірге қаһарлы IV Иван (IV Иван Грозный) ұстап береді де тақ Шаһ Әлиге тиеді. Көп ұзамай Қазан хандығы өмір сүруін тоқтатып, тарих сахнасынан жоғалған. Өйткені Ресейдің солтүстік қақпасы сияқты Қазан хандығының провославиялық елге көздің құрты болғаны белгілі. Сондықтан да олар қалайда мұсылман мемлекетін жоюдың барлық амалын қарастырды. Осы құйтырқы тірлікті өз баласын да бауыздап тастаған, атақты қанішер, қаһарлы IV Иван іске асырды. Ол әуелі хандықтың сатқындыққа жақын бектері мен мырзаларының аузын алып, оларға ақша, дүние-байлық пен түрлі мансаптарды тықпалауы нәтижесінде 1552 жылы Қазанды жаулап алды. Бірақ Қазан халқы өліспей беріспеді. Сол себепті де қаһарлы IV Иван қаланы қоршай отырып, қорғанның 8 жерінің астына порох салып, жарып жіберді. Сөйтіп қана отаршылар ішке кіре алды. Шайқас онда да тоқтамаған. Қарсылықты имам Құл-Шәріп (?-1552) басқарыпты. Әйтсе де күші басым жау мұсылмандарды тізе бүктірмей қоймайды. Православьені қабылдап, шоқынғандарды ғана аман қалдырған жатжерліктер дінін сатпағандарды қылыштап тастаған. Әйтсе де қаһарлы IV Иван Қазан хандығын бірден жоя алмады. Мұсылмандар басқыншыларға қарсы сандаған көтерілістер жасады. Реті келген кезде оларды жайратып кетіп отырды. Ресейдің түрлі әкімдерін, патшаға мойынсұнған, діннен безгендерді кездескен жерлерінде жазалауды тоқтатпады.

Патша әмірімен бірте-бірте мұсылмандар Қазаннан күштеп көшірілді. Жер аударылды. Христиан дінін қабылдаған татарларға ғана шаһарда тұруға рұқсат етілді. 1593 патша Федор патша Қазанның барлық мешіттерін қирату туралы жарлық шығарып, оны орындауды қатаң қадағалаған. Сөйтіп бірте-бірте ежелгі Қазаннан ислам ізі жойыла бастады. Егер бір татар қылмыс жасап қойса, бірақ ол христиан дінін қабылдаса, соттаудан босатылатын. Провославьені қабылдағандарға жер берілді. Қаладан үй салуға рұқсат етілді.

Осындай қасыретті жағдайға 1766 жылы таққа отырған патшайым II Екатерина ғана тоқтау салған көрінеді. Ол Қазаннан мешіт салуға да рұқсат етіпті. Мешіттер тек ағаштан ғана емес, тастан да қалана бастаса керек. Алла үйлері жанынан бұрынғыдай басында айшығы бар мұнаралар бой көтерген. Азаншылар азан шақыра бастаған. Бірақ мұндай кеңшілікті 1917 жылғы Қазан төңкерісі қайта тоқтатты.

Қазандағы Татарстанның ұлттық мұражайында үлкен сурет тұр. Онда қаһарлы IV Иванның әскерімен қазан мұсылмандары арасындағы қанды шайқас бейнеленген. Жендеттер өлермендікпен қалаға шабуылдап жатса, имам Құл-Шәріп, Сүйімбике ханым бастаған мұсылмандар басқыншыларға қатты

қарсылық көрсетуде. Соғыста бірақ мұсылмандар қаза тапты. Сүйімбике баласымен тұтқынға алынды. Қаһарлы IV Иван патшайымға христиан дінін қабылдап, өзіне күйеуге шығуды ұсынды.

Сүйімбиге сұлу ең соңғы рет мұнара басына шығып, орыстардың тепкісіне ұшыраған қасыретті жұртын көруге мұрсат сұрайды. Патша келісім береді. Биікке көтерілген соң ханшайым төменгі секіріп кеткен. Содан бері ол Сүйімбике мұнарасы аталып кеткен делінеді халық аңыздарында. Солай да шығар.

Мұнарадан кері оралып Құл-Шәріп мешітіне келді. Алыстан қол бұлғайтын зәулім де керемет ғибадатхана асқақтап тұр. Құл-Шәріп мешіті қаһарлы IV Иван қиратқан көне мешіт орнына салынған екен. 1996 жылы 12 ақпанда Татарстанның сол кездегі президенті Мыңтемір Шаймиевтің жарлығымен бұл жерге мешіт салынады деген белгі қойылған. Содан ғибадатхана арада 9 жыл өткен соң 2005 жылы ғана Қазанның 1000 жылдығы кезінде есік ашқан. Мешіт күмбезінің биіктігі 36, мұнаралары 55 метр.

Ішке кірдік. Төменгі қабат ислам мұражайы. Одан кейін 2-қабатқа көтеріліп ең үлкен залға шықтық. Ол жерде сәлем намазын оқумен қатар елін, жерін, Отанын қорғап қаза тапқан Құл-Шәріп имам мен оның шәкірттеріне, Сүйімбике патшайым мен баласына дұға жасадық. Үлкен зал үстіндегі балконда мешітті іштен көргісі келетін өзге діндегілер мешетелдіктер тұр.

Құл-Шәріп мешіті шынында да ғажап. Ол Қазанның ежелгі тарихи мешітін қайта тірілткендей, халыққа діндерінді ұмытпаңдар, сатпаңдар, әрқашан ынтымақта болыңдар деп тұрғандай.

Мешітке келушілерде қисап жоқ көрінеді. Кремльден шыққан соң Қазанның өзге де мешіттерін көрдік. Солардың ішіндегі көрнектілері – Шиһаб ад-дин Маржани, Апанаев, Бурнаев, Азимов, Сенная, Закабанная, Қазан нұры мешіттері. Бұлардың соңғысынан басқасының жүз немесе бірнеше жүз жылдық тарихы бар. Көпшілігі атеистік дәуірлерде негізгі қызметіне айырылған. Бірақ соңында халықтың талап етілуімен мұсылмандарға қайтарылған соң өңдеу, жөндеу жасалған. Осы ғибадатханалар ішінен Шиһаб ад-дин Маржани мешітіне бас сұқтық. Ол Каюм Насыри көшесінде. Жобасын В.И. Кафтырев (1766-1771 ж.ж.) деген сәулетші жасапты.

Алла үйі II Екатерина патшайым Қазанда мешіт салуға рұқсат ете салысымен бой көтерген. Тастан салынған. Сол себепті де дін аман тұр. Мешітке татар халқының көрнекті дін және мәдениет қайраткері Шиһаб ад-дин Маржанидің (1816 жылы туылған) есімі берілген. Ол кезінде Бұхара мен Самарқанда діни білім алған. 1850 жылы еліне оралған соң осы мешітте имам-мұдarris (оқытушы) болып қызмет еткен. Ол татар халқын дүниәуи білім ғана емес, Батыс Еуропа мәдениетін де игеруге шақырған. 30-дан





астам діни, мәдени, философиялық, ағартушылық бағыттағы кітаптар жазған.

Ш.Маржани мешіті Ғайни Камал атындағы драма театр тұрған жерден жақсы көрінеді екен. Мешіт жанында медресе тұр. Шәкірттер емтихан тапсырып жатқанға ұқсайды. Ұстаздармен сөйлестік. 90-жылдары Татарстанда ислами білім алуға тырысушылар көп болған. Бірқатары шетелдерге де оқуға жіберілген.

Қазан қаласы сияқты оның мешіттері де Орта Азия мешіттеріне ұқсамайды. Олар Түркиялық Византия стиліндегі мұнараларды еске түсіреді. Татар тарихшыларының айтуынша, Мәскеудегі Қызыл алаңның шығыс жағындағы Василий Блаженный соборы татар мешіттеріне ұқсас. 1812 жылы Мәскеуді тізе бүктірген Наполеон сол храмды көргенде: «Ойпырмай, бұлардың шіркеулері де бұсырман мешіттеріне ұқсайды», – деген екен. Наполеонның олай айтуы әбден мүмкін. Өйткені ол Ресей жорығынан бұрын әуелі кемемен келіп Мысырды, оның астанасы Каирді жаулағаны белгілі. Каирдегі сұлтан аз-Заһир Бейбарыс мешітіне жұрт бұдан бұлай бармасын деп шошқа сойдырған. Жұрт содан шошып Бейбарыс мешітіне бармай кеткен. 2002 жылы мен Мысырға барағанымда, Қазақстанның сол елдегі елшісі Асқар Мусиннің бастамасымен мешітті Каирде оқып жатқан студенттердің көмегімен құлқоқыстардан тазартып, салтанатпен ашқан едік. Қазір ол Қазақстанның қаржысымен түгелдей қайта жөнделуде.

Қазанды қанша мұсылман елінің астанасы дегенімізбен, онда ислами келбет жоқ. Ол жоғарыда айтылғандай Ресей мен Еуропа қалаларына ұқсайды. Шаһардан Ташкент пен Самарқан немесе Шымкенттегідей шығыс базарын да көре алмадық. Дей тұрғанмен, Православиелік Ресейдің тап ортасында отырса да, талай ғасырлардан бері тілі, діні, ұлты, Отаны, халқы үшін талай теперіш көрсе де, XXI ғасырға ата дінін, иманын жоғалтпай жеткен татар бауырларымыздың амандығын тілеп дұға жасай Алматыға аттанып кеттік.

*Р.С. Содан арада 1-ақ ай өтер-өтпес Қазаннан қайғылы хабар жетті. 2012 жылдың 19 шілдесінде, рамазан айының басталуына 1 күн қалғанда Татарстанның Бас мүфтісі Илдус Фаизовке қастандық жасалған. Лаңкестік салдарынан бас мүфтидің орынбасары Валиулла Якубов қаза тапқан.*

## 2. УФА ҚҰРЫЛТАЙЫНДА

2012 жылдың қазан айының ортасында Башқұртстанның астанасы Уфада Ресейдің Орталық Діни басқармасының кезекті IX құрылтайы өтті. Соған құрметті қонақ ретінде шақырылды.

«Башқұртстан Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде – орыс жазығының шығыс шеті мен Орал тауының оңтүстік бөлігінде жатыр. Бұл аймақ ертеректе түркілердің Ұлы Бұлғария, Хазар, Еділ бұлғариясы мемлекеттерінің меншігінде болған. Көшпелі башқұрттар туралы алғашқы жазба деректер IX-X ғасырлардан бастап кездесе бастайды. 1229 жылы қазіргі Башқұртстан жеріне Бату әскерлері басып кіріп, 1236 жылы жаулап алады. Сөйтіп, башқұрттар қазақ халқының да негізін құраған тайпалармен бірге бірнеше ғасыр бойы бір мемлекет құрамында болды.

Алтын Орда ыдырағаннан кейін башқұрт тайпалары Ноғай Ордасының, кейбір бөліктері Қазан және Сібір хандықтарының құрамына енген. 1557 жылы олар Ресей империясының шапқыншылығына ұшырайды да Ноғай, Сібір хандықтарымен қоса Ресей отарына айналады.

Ресей өкіметінің башқұрттарды аяусыз қанауы, шенеуніктердің әділетсіздігі XVII-XVIII ғасырларда бірнеше халық көтерілістерін тудырды. Патша өкіметі болашақта ондай қозғалыстарды болдырмау үшін шаралар қолға алды. 1735 жылы Санкт-Петербургте Сенаттың жанынан Еділбойы халықтарын шоқындыру кеңсесі құрылған. Башқұрт көтерілісшілерінің басқа халықтармен, әсіресе, Ресейге жаңа қосылған Кіші жүз казактарымен бірігіп кетпеуі үшін 1747 жылы Орынбор губерниясы құрылып, оның тұңғыш губернаторы И.И.Неплюев башқұрттар мен казактар арасына жалпы ұзындығы 3,5 мың шақырымға жететін камалдар шебін тұрғызуға кіріседі. Оларды салу әрі күзету үшін ішкі Ресейден орыс шаруалары көшіріліп әкелінген. Осы төңіректегі башқұрт және қазақ руларына бекіністерге жақындауға, әрі-бері өтуге тыйым салынған.

Бірақ туысқан екі халықты мүлдем бөліп тастауға ешқандай шекара бөгет бола алмады. Жазалаушылардан қашқан башқұрт көтерілісшілері үнемі қазақ даласын паналап отырды. Бірыңғай күштеу шаралары арқылы бағындыру мүмкін еместігіне көзі жеткен патшалық билік кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. 1786 жылы Уфа губерниясы құрылып, башқұрттар отырықшылыққа көше бастады, мешіт-медреселер салуға рұқсат етілді. Дегенмен, Ресей билігі отырықшы башқұрттар арасына орыс шаруаларын орналастырып, жыл сайын олардың санын көбейте түсті. Уфа, Орынбор сияқты қалалар ірі сауда орталықтарына айналып, оларға көршілес қазақ даласы, Орталық Азия елдерінен сауда керуендері жиі келіп тұрды. Бекіністерде жергілікті халықтар арасынан үкіметке қажетті ұсақ шенеуніктер даярлау үшін орыс мектептері ашылды. Оларда башқұрт және басқа да халықтардың көптеген зиялы азаматтары білім алды.

1917 жылы жазда Уфа және Орынбор қалаларында башқұрт зиялыларының съезі өтіп, Орынбор, Уфа,



Пермь, Самара губернияларында бөлшектеніп кеткен башқұрт жерлерін біріктіріп, автономия құруға шешім қабылданды. Уфада Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1917 жылы 16 қарашада атаман Дутов билігінде болған Орынбор қаласында Ахмет Зәки Уәлиди Тоғанның басқаруымен Башқұрт автономиясы жарияланды. Көп ұзамай Кеңес өкіметінің ұлт саясатымен келіспеген Ахмет Зәки Уәлиди Тоған бастаған кейбір автономия басшылары шет елге кетіп қалды. 1922 жылы 14 маусымда Бүкілресейлік ОАК-нің шешімімен БАКСР шекарасы кеңейіп, астанасы Уфа болып жарияланды».

Ал Уфа қаһарлы IV Иван патшаның әмірімен 1574 жылы Қазанның атаманы Михаил Нагой деген казак орыстардың күшімен салынған. Башқұрт тарихшыларының пікірінше, Уфаның орнында бұрындары ежелгі қала болған. 1708 жылдан бастап Уфа Қазан губерниясының құрамына кіреді, ал 1728 жылы провинция орталығына айналады.

1918 жылдың қыркүйегінен Уфада Бүкілресейлік Уақытша Үкімет ұйымдастырылған. 1919 жылы ол Омбы қаласына көшеді. 1922 жылдың маусым айында Уфа губерниясы мен Башқұрт АКСР біріктірілген. Уфа автономиялық Башқұртстанның астанасы болды.

Уфа Акеділ өзенінің жағасында, Уфа мен Дем өзендері құйылатын жерінде, Оңтүстік Орал тауларынан батысқа қарай 100 шақырым қашықтықта. Қала қоңыржай климат белдеуінің орманды дала аумағында орналасқан. Жазы жылы, қысы суық және ұзақ».

Міне, сөйтіп осы Уфада мұсылмандар Діни басқармасы Ресейді XVII ғасырда Екатерина патшайым басқарған кезде құрылған. Оның да өзіндік тарихы бар. Ол 1796 жылы Орынборда іргетасы қаланып 1846-1917 жылдары Орынбор мұсылмандарының діни жиыны (мәжілісі) деп аталған. Екатерина патшайым арнайы үкім (указ) шығарған соң, 1798 жылы Уфада ашылған. Жиынға қатысқан патшайымның Уфадағы өкілі (наместник) О.А.Ингельстромның өтінішімен іргетасы қаланса керек. Өйткені оның өзіндік мақсаты болған. Патша өкілі оны империяға қызмет ететін сенімді дін адамдарын таңдау үшін сынақ өткізілетін мемлекеттік мекеме ретінде аштырған. 1773-1775 жылы үкімет орындарының сондай Ислам институтының іргетасын қалаудағы негізгі мақсаты башқұрттарды бағындыру, Ресей мемлекетінің Орта Азия мен Қазақстанға бірте-бірте кіруі еді.

Әуелде діни мекеме пәтуалары патшайымның Уфадағы өкілі құзырына қарайтын жерлерге тараса, ал 1796 жылдан бастап Орынбор губерниясына да құлаш ұрды. Діни жиын орта дәрежедегі сот орындары дәрежесінде болды және жергілікті әкімшілікке бағынды. Төраға – мүфтиді ішкі істер министрі және жергілікті әкімшіліктің ұсынысымен импера-

тор тағайындады. Ал, діни жиын мүшелерін 1889 жылға дейін Қазан губерниясы мұсылмандары сайлады. Сонан соң мүфтидің ұсынысымен оларды ішкі істер министрі тағайындайтын. Мүфтилер және дін қызметкерлері мемлекеттік шенеуніктер сияқты мемлекет тарапынан айлық алды.

1917 жылы Діни жиын (ИДУМ) мұсылмандардың Орталық Діни басқармасы болып өзгертілді. Оның құзырына Ішкі Ресей, Сібір мұсылмандары қарады. 1930 жылдары ислам діні қайраткерлері қуғынға ұшырады.

1943-1944 жылдары Кеңес Одағы өз алдына дербес үш Діни басқарма құрды: Орта Азия және Қазақстан (орталығы Ташкент), Солтүстік Кавказ (Бұйнак), Закавказье (Баку). Сол себепті ИДУМ-ның әсері тарылды. Соңында ол да бірте-бірте бірнеше жеке діни бірлестіктерге бөлініп кетті. Уфадағы қазіргі діни басқарма солардың бірі. Төрағасы Талғат Тажуддин. Бір қызығы 1917 жылғы большевиктер төңкерісінен бері Ресей Діни басқармасының төрағасы, бас мүфти басшылығы 6-ақ рет өзгерген. Ғ.Баруди (1917-1921 ж.ж.), Ф.Фахретдинов (1923-1936 ж.ж.), Г.Расулев (1936-1950ж.ж.), Ш.Хиялетдинов (1951-1974 ж.ж.), Г.Исаев (1975-1980 ж.ж.), Т.Тажуддин (1980 ж.-күні бүгінге дейін).

Сонымен әуелі Мәскеуге, одан әрі Уфаға кештетіп жеттік. Уфа уақыты Алматымен бірдей екен. Әуежай ғимаратының төбесінде «Өфө» деп жазылып қойылыпты. Біздерді әуежайдан Діни басқарма қызметкерлері қарсы алды. Соның біреуі казак болып шықты. Аты – Серік. Өзін ол Орынбордың қазағымын деп таныстырды. Бірақ казакшадан мақұрым. Дым білмейді. Әйтсе де, бізді –қандастарын көріп, казакша сөздер естігеніне қуанып тұрғаны байқалды.

Уфа әуежайдан 17 шақырым екен. Түн. Аспан бұлтты. Жаңбыр сіркіреп тұр. Қалаға жақындап келеміз. Енді бірде үлкен көпірден өттік. Ол Белая (Акеділ) өзені үстіне салынған. Бірте-бірте биікке өрлей бастадык. Көп ұзамай «Президент отель» деген мейманханаға келіп жайғастык. 4 жұлдызды екен. Уфада одан артық мейрамхана жоқ көрінеді.

Таңертең сағат 9-да Конгресс сарайында құрылтай басталды. 600-ге жуық делегаттар шақырылыпты.

Съезге Башқұртстанның Президенті Р.З.Хамитов, Түркия, Сирия, Сербия, тіпті шалғайдағы Марокко, Иран, Эстония, Белоруссия, Украина, Тәжікстан, Қырғызстан және Ресейдің бірқатар өлкелерінен де дін және қоғам қайраткерлері, түрлі діни мекеме басшылары, ғалымдар, үкімет орындарының өкілдері келіпті. 2012 жылы Уфаның Ресейдің ислам орталығына айналғанына 225 жыл толады екен. Съездің осындай айтулы мерзімге байланысты ұйымдастырылғаны сөзсіз.

Құрылтай әдеттегідей қасиетті Құран оқумен басталды. Сонан соң Р.З.Хамитов сөз алып, құрылтайды, Ресей мұсылмандарын, қонақтарды құттықтады.



Одан кейін шетелдік меймандардың құттықтаулары тыңдалды. Мен де шығып татар-башқұрт бауырларымызды қазақ халқы, Қазақстан мұсылмандары атынан құттықтадым.

Президент елдегі діни ахуал және өзге де өзекті мәселелер жайлы келелі ойлар айтқандықтан, оның сөзінен үзінді келтіре кеткенді жөн көріп отырмын.

«Башқұртстанның өзгерімімен Ресейге қосылғанына 450 жыл толды деп бастады Башқұртстанның Елбасы, – осы аралықта түрлі діни сенімдегі адамдармен қатар өмір сүрудің көпқасырлық бай тәжірибесі қалыптасты. 225 жыл бұрын Екатерина II жарлығымен Уфа шаһары ресми түрде Ресейдің Ислам орталығы болып танылды. Діни басқарма құрылып, ол мұсылман мәдениеті мен діни білім беруді жетілдіру мақсатында орасан зор ауқымды жұмыстар атқарды. Соның ішінде башқұрт, татар, қазақ және өзге де этникалық мұсылмандардың Ресейдің саяси-құқықтық өміріне араласып, етене сіңісуін айта кеткен жөн. Тар жол тайғақ кешулерде Ресейдің орталық Діни басқармасы және беделді діни тұлғалары мемлекеттің тұрақтылығы мен нығаюы жолында маңызды рөлге ие болды.

Мифтахетдин Ақмулла, Мұхадсәлім Үметбаев, Зия Камали, ишан Зейнулла Расулев, мүфти Ризиддин Фахретдинов және басқа да көптеген зиялылар сапалы діни білім беру мен ағартушылық саласында аянбай төр төкті. Олардың жарқын есімдері мен артына қалдырған рухани мұрасы ешқашан ұмытылмайды.

Бүгінде Уфадағы мұсылмандардың орталық Діни басқармасы миллиондаған мүміндердің басын қосып, ағартушылық, қайырымдылық, қоғамдық жұмыстармен айналысуда. Бүгінгі заманауи қоғамның кеселіне айналған діни экстремизмнің алдын алуда басты идеологиялық күшке ие.

Біз аумалы-төкпелі қиын кезеңде өмір сүрудеміз. Әлемдік қаржы дағдарысының кесірінен көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер өз шешімін таппай шиеленісе түсуде. Осындай кезде радикалдық әрекеттер күш алып, адамдарды дұшпандық ойларға жетелеп, бірін-бірі жеккөрушілік сипаттар етек алды. Өкінішке орай елімізде, оның ішінде Башқұртстанда түрлі дәрежеде адамдарға қокан-лоққы көрсететін басқыншылық әрекеттер ішінара бой көрсетіп қалуда. Радикалдық экстремистік бағыттағы жастар мен діннің атын жамылған түрлі діни ұйымдардың белсенділігі байқалады. Мұның айқын дәлелі біздің жерлесіміз, Татарстанның рухани басшыларының бірі Валиулла хазрет Якуповқа жасалған қастандық. Оны діни сауатсыз, әрі мемлекеттің заңына да бағынбайтын жандардың жасағаны анық.

Исламның асыл құндылықтарын діни экстремистік әрекеттерден арашалап алуымыз аса өзекті мәселе. Мейірімсіздік пен қатігездік салтанат құрса лаңкестікке даңғыл жол ашылады. Осындай

келенсіз жағдайлардың алдын алу мен болдырмауға және адамдарды сауаттандыру ісінде Ресейдің орталық діни басқармасына артылар жүк ауыр. Бүгінде діни бірлестіктерге өздерінің жеке білім беру жүйесін дамытуға үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Ислами білім беру жүйесін қолдау мақсатында федералдық бағдарламалар қабылданып, іске асуда. Ислам білімі мен мәдениетін қолдау қоры құрылды.

Бүгінде тек біздің республиканың өзінде 5 ислами оқу орны нәтижелі жұмыс істеуде. Оның ішіндегі ең ірісі Ресей мұсылмандарының орталық діни басқармасына қарасты Ресей Ислам университеті. Жоғары оқу орны ел аумағындағы 7 ислам институтының бірегейі екенін мақтанышпен айта аламын. Аталмыш білім ордасын бітірген түлектерге мемлекеттік үлгідегі дипломдар беріледі. Осы жерден түлеп ұшқан жоғары білімді діндарлар ұлан-байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінде жемісті қызмет етуде. Бұл университет кезінде бүкіл мұсылман әлеміне аты жақсы таныс Уфадағы «Ғалия» медресесінің заңды мұрагеріне айналып, дәстүрлі жолды жалғастыруда. Университетте ислам негіздері тереңдетіліп оқытылумен қатар, дүниаяуи ілімдерге де үлкен мән беріледі. Кезінде Мәжит Ғафури, Шайхзада Бабиш, Хасан Туфан, Сайфи Құдаш, Карим Хакимов, Сұлтан Габыши сынды белгілі ағартушылар мен ірі мәдениет қайраткерлері осы Ғалия медресесінен түлеп ұшты.

XXI ғасырды дамыған жаңа технологияларсыз елестету мүмкін емес. Құранның электрондық нұсқасын, ғаламтор желісін және заманауи ақпараттық технологияларды пайдалананып жұмыс істей білу – заман талабы. Өйткені медресенің түлегі болашақта жоғары білімді азаматтармен жұмыс істеп, араласа білуі қажет. Болашақтың молдасы діни шараларды сауатты өткізумен қатар ғылым мен техниканы да жете меңгеруі тиіс. Діни басқарма өз мамандарын шетелдік оқу орындарында емес, елімізде дайындауға үлкен мән беруі аса құптарлық жәйт.

Еліміздегі жоғары оқу орындарының ғалымдары үлкен ағартушылық жұмыстар атқаруда. Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің жанындағы Ислам білімін дамыту бойынша ғылыми-зерттеу орталығы Исламның негізі, оның тарихы мен мәдениетін дәріптеуді бір жолға қойған деп айтуға болады. Олар жүйелі түрде жастармен кездесіп, үгіт-насихат жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді.

Республикада діни ұйымдардың, оның ішінде ислами бірлестіктердің тіркеу жұмыстары тәртіпке келтірілген. Жергілікті атқарушы органдар тіркелген мұсылман бірлестігіне ғана құлшылық үйін салуға рұқсат береді.

Қажылық жұмыстары да рет-ретімен бір арнаға түсіп келеді. Қажылардың Сауд Арабияға сапарын діни басқарманың өкілдері сапалы да, тиянақты ұйымдастыруға қол жеткізді.

Бүгінгі күні саяси және экономикалық мәселелерді



шешуде исламның жоғары потенциялын толық пайдалана алмай отырмыз. Әсіресе, жастармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінуі қажет. Өкінішке орай, олардың арасында суицидке ұрынып, маскүнемдік пен есірткіге бой алдырғандар көбейіп барады. Психикалық ауытқушылыққа ұшырап, қылмысқа баратындардың да саны артқан. Осындай әлеуметтік мәселелерді шешуде Исламның рөлі ерекше салмақты екенін айтқым келеді. Қасиетті Құран жан мен тән тазалығына айрықша мән беріп, әлеуметтік теңдікке шақырады. Жастарды адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіре отырып тербиелеу – біздің ортақ шаруамыз.

Соңғы кездері еліміздің түрлі аймақтарында жастарды арандатушылыққа шақырған арам пиғылды, мысық тілеулі топтар арақидік болса да бой көрсетіп қалуда. Олар басына іс түскен, қиыншылыққа тап болған жастарды жағалап, жалған уәделерді үйіптөгеді де, өз мақсаттарына тамаша пайдалана білуімен ерекшеленеді. Мұндайда мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен діни ұйымдар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, оларға қарсы күресе білуіміз қажет. Тіпті, бұл әрбір адамның міндеті десе, артық айтқаным емес.

Өткен жылы «Ислам. Жастар. Болашақ» атты Республикалық форумда мұсылмандық білім беруді дамыту мен тәрбие беруде исламның мүмкіндіктерін жаңаша нысанда іске асыру мәселесі жайлы салмақты ойлар айтылды. Жиын соңында «Ислам – лаңкестікке қарсы» атты республика көлемінде түрлі шаралар өткізуге уағдаласты. Оған белгілі әртістер, өнер қайраткерлері, жастар ұйымының көшбасшыларымен қатар, діни оқу орындарының студенттері де қатысты. Халықтың пікірінше нәтижесі де көңіл көншітерлік. Ең бастысы жастардың бізге деген сенімі. Осы тұрғыда Башқұртстан мұсылмандары Діни басқармасы жастар комитетінің түрлі спорттық, мәдени-рухани шараларды көптеп өткізіп жатқаны мақтауға тұрарлық.

Идеологиялық, ағартушылық және тәрбие жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу үшін барлық деңгейдегі билік органдары әлеуметтік саясатты мықтап қолға алулары тиіс. Жастардың сапалы білім алуы мен еңбек етуіне жағдай туғызып, олардың жақсы өмір сүруіне атсалысу аса маңызды.

Біз жұмыссыздықпен күресуді жүйелі түрде жүргізіп келеміз. Өткен жылы 11 мыңнан астам жастарды тұрақты жұмыс орындарына орналастырдық. Арнайы жоба дайындап, ауылда жұмыс істеуге шешім қабылдаған жастарға материалдық көмек көрсетудеміз. Өз кәсібін жаңадан бастап келе жатқан екі мыңнан астам адамға көмек қолын создық. Талантты, дарынды жастарды қолдау мақсатында түрлі байқаулар да тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Бүгінде ислам банкингі Шығыс елдері мен Еуропада қарқынды дамуда. Ресейде де Ислам қаржы

жүйесінің тамырына қан жүгіріп, жақында Уфа қаласында алғашқылардың бірі болып шарифат талабына сай жұмыс істейтін банк ашылды. Сарапшы мамандардың пікірінше, мұндай қадам мұсылман әлеміндегі ірі инвесторлардың қызығушылығын оятып, ел экономикасына мол қаржы құйылуына жол ашады.

Республикамызда халал өндірісі де даму жолына түсті. Соңғы кездері дүкен сөрелерінде адам денсаулығына зиян, сапасы төмен азық-түлік өнімдерінің қаптап кеткені ешкімге құпия емес. Бұл мәселенің бірден-бір шешімі экологиялық таза, жергілікті табиғи өнімдерді халал өндірісіне толықтай көшіру.

Мұсылманша киім өндірісін дамытудың үлкен болашағы бар. Орта Азия елдерінің бірінде өткен көрмеде біздің осы үлгідегі киімдерімізге сондағы жергілікті кәсіпкерлер қатты қызығушылық танытып, тапсырыс беруге дайын екендіктерін жеткізді. Осындай жасалып жатқан игі істеріміздің барлығына жастар белсенді түрде қатысса деген тілегіміз бар.

Біздің еліміз сияқты көпұлтты және көпконфессиялы қоғамда діни адамдарды рухани жақындастырып, бірлік мен ынтымақта өмір сүруге қызмет етуі тиіс. Көпшілікті біріктіріп тұрған дінді қолдан саясиландырмай, оны қорғаштап қадіріне жете білуіміз қажет.

Біздің көпұлтты ел халқының бұдан ары қарай дамуы – Ислам әлемінің бірлігі мен мұсылмандардың ықпалына тікелей қатысты болатыныны сөзсіз. Өмірлік маңызы бар мәселелерде белгілі діни тұлғалардың өз пікірі мен жанайқайларының естілуі бізді ерекше қуантады.

Әр адамның дәстүрі мен сеніміне құрметпен қарау мемлекетіміздің негізгі ұстанымы болып қала береді. Біз тарихы тым тереңде жатқан ұлы мемлекетпіз. Ата-баларымыз әрқашан бірге өмір сүріп, бірліктің туын төмен түсірмеді. Ғасырлар бойы бір-бірінің тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеген олар халықтар достығының іргетасын мықтап қалап кетті. Халықтар достығы – біздің баға жетпес байлығымыз. Оның қадірі мен қасиетін терең ұғына отырып, Ресейдің болашақ ұрпақтарына аманаттап кетуіміз керек», – деп ол сөзін аяқтады.

Одан соң сөз Сирияның Бас мүфтиі доктор Бадр ад-дин Хассунге берілді.

Бадр ад-динмен 2006 жылы Қазақстанның бір топ ғылым, мәдениет қайраткерлерінің делегациясын бастап Сирияға барған сапарымда танысқанмын. Ортадан жоғары, қараторы, ашық, аңқылдақ жігіт екені байқалған. Дамаскідегі Баб ас-Сағир қабырстанындағы Әбу Насыр әл-Фараби және қаланың ескі бөлігіндегі Сұлтан аз-Захир Бейбарыс бабаларымыздың зиратына барып қасиетті Құран оқығанымда қасымда болды. Содан ол бізді Сирияның ғылыми, мәдени, экономикалық астанасы



Халаб (Алеппо) қаласына апарды. Құрметті қонақ ретінде үйіне шақырды. Жанұясымен таныстырды. Ұлдары да дін жолына түскен екен. Мешітте жұма намазы алдында маған сөз берді. Өзі де Қазақстан жайлы жылы сөздер айтты.

Сирияға содан кейін 2007 жылы, Елбасы Н.Ә. Назарбаевпен бірге бардым. Онда да Бадр ад-дин хазретпен бірге болдық. Президент Башшар Асад та барынша қонақжайлылық танытты. Келіссөздер нәтижесінде Әбу Насыр әл-Фараби зиратына кесене тұрғызылып, шығынын Қазақстан көтеретін болды.

Бадр ад-дин Хассун Сирияға 2011 жылдан бері сырттан агрессия жасалып жатқаны туралы ашына айтты. Салафиттер сырттан ақшаға жалданған жалдамашылар келіп елде бүлік шығарды. Бұл ретте ол Сауд Арабиясы мен Қатардың әрекеттерін жымысқы деп атады. Негізінен осы елді ол бүлікшілердің қолтығына су бүркіп отыр деп айыптады. Сондай-ақ АҚШ пен Израильге де кінә тақты. Өздерін қолдап отырған Ресейге рахмет айтты.

Иранның Ресейдегі елшісі де мұсылмандар арасына бүлік салып отыр деп Израиль мен АҚШ-ты кінәлады.

Палестинаның дін өкілі де осы сарында сөз сөйледі.

Съезде Солтүстік мұзды мұхитқа жақын жатқан Ямал аймағынан келген имамның сөздері де әсерлі болды. Оның айтуынша, ондағы мұсылман бауырларымыз әлгі имам бастап Ямал түбегінде көптеген қарсылықтар мен кедергілерге қарамастан мешіт салыпты. Кедергі келтіретіндер есікті бағып отырса тесіктен түсіп, дегенімізге жетіп жатырмыз дегенде жиналған делегаттар ду қол шапалақтады. «Ислам по всем фронтам наступает» деді ол кеудесін мақтаныш кернеп.

Хабаровскіден келген делегат та өздерінің тындырымды тірліктеріне көңіл аударды. Онда әлі әзір мұсылмандар онша көп емес көрінеді. Соған қарамай олар да жамағат құрып, діни бірлестіктерін тіркетуге дайындап жатыр екен. Ол имамның орынбасары Мажитов деген қазақ жігіт көрінеді. Талғат мүфти оған Владивостокка да мешіт тұрғызындар. Осы қаланың арғы жағындағы Русский деген аралдан мен сендерге жер әперуге әрекет етіп жатырмын. Онда да Алла үйін салындар деп тапсырма беріп жатты.

Сонымен үзіліске шықтық. Біраз қазақ имамдары келіп, сәлем берді. Бірқатары Астрахань, кейбірі Челябинск, қалғандары Орынбордан екен. Бізді көргендеріне қуанышты екені көрініп тұр. Қазақстанның өркендеп келе жатқаны қуантады дейді олар.

Съезде біраз шешендер сөйлеген соң соңыра мәлімдеме қабылданды. Онда айтылған жайттар да өзекті болғандықтан, таныстыра кетейін.

1. Ресей мұсылмандары мемлекетіміздің Президенті В.В.Путиннің азаматтардың діни бостандығын

қорғауға, дінгесенушілердің құлшылық-ғибадаттарын атқаруын қамтамасыз ету жөніндегі жүргізіп жатқан салиқалы да сындарлы саясатын қолдайды және қолдай береді.

Ресей мұсылмандары, Ресей Федерациясындағы байырғы және ірі мұсылман ұйымы ретінде Отанымыздың, халқының игілігі үшін өзара ынтымағы мен бірлігін нығайтуға бағытталған Алла тағала сүйетін барлық істер мен бастамаларды мемлекеттің сенімді әріптесі ретінде жалғастыра береді.

2. Ресей мұсылмандарының съезі соңғы кездері еліміздегі мұсылмандар қауымдастығындағы жағдайдың біршама ушыға түскеніне алаңдаушылық білдіреді. Ресейлік дәстүрлі Ислам радикалды элементтер тарапынан шектен шыққан қарсылыққа ұшырады. Ондаған ірі ұстаздар мен тәлімгерлер өлтірілді. Бірқатар мұсылман ұйымдары, оның ішінде ірі және ықпалдылары радикалдықтың шырмауында қалып, шын мәнінде экстремистік ниет-пиғылдың қолдаушысына айналды. Бірқатар исламдық жоғары оқу орындары радикалдардың бақылауында қалып, білім беру саласы үшін күрес өрістетілді. Тыйым салынған экстремистік ұйымдардың өкілдері бас көтерді. Олардың тарапынан насихат жұмысы кеңінен жүргізілді.

Мұның барлығы шын мәнінде Ресейлік дәстүрлі Исламға қауіп төндіріп қана қоймай, біздің көпұлтты қоғамның да тыныштығын бұзары сөзсіз.

Мұндай жағдайда съезд елдің басшылығына, тікелей Ресей Президенті В.В.Путинге мемлекеттік органдар мен дәстүрлі мұсылман ұйымдарының өзара іс-қимылын жаңа сапалы деңгейге көтеруді, біздің қоғамға жат экстремистік идеология мен күреске жан-жақты қолдау көрсетуін сұрайды.

3. Соңғы кездері бәрінен де бұрын сыртқы радикалды элементтер Ресей мұсылмандары орталық Діни басқармасы қатарына жік салуға белсенді әрекет етуде, оның ішінде мұның құрамынан ұйымдардың шығатыны туралы түрлі өсек-аяң таратуда. Осыған байланысты съезд Ресей мұсылмандары орталық Діни басқармасы Ресей мұсылмандарының рухани жетекшісі шейху-л Ислам Талғат Сафа Тажуддиннің басшылығымен, бұрынғы құрамын толық бірлікте сақтайды деп бірауыздан мәлімдейді.

4. Экстремистік басқыншылық жағдайында Ресей мұсылмандары Орталық Діни басқармасының съезі ресейлік дәстүрлі Исламның дұрыс ниетті барлық күштерін мұсылман ортасында радикалды идеологияның таралуына тиімді түрде қарсыласу үшін кең түрде күш-жігерін біріктіруге шақырады. Бұл үшін съезд жастар мен жұртшылықты кеңінен қамтитын қоғамның рухани адамгершілік қайта өрлеу деңгейін көтеріп, экстремизм, радикализм мен лаңкестіктің алдын алу мақсатында белсенді жұмыс жүргізетін Ресей мұсылмандары орталық Діни басқармасынан «Ғибаду-р рахман» қоғамдық



қауымдастығын жедел түрде құру қажет деп санайды.

5. Ресей мұсылмандары орталық Діни басқармасының съезі қажылық жөніндегі кеңестің өздеріне және аймақтық Діни басқармаларына қажылыққа қатысты квотаның тапшы екеніне назарын аударады және бұған алаңдаушылығын білдіреді. Сауд Арабиясы Ресей мұсылмандарына 1 000 мұсылманнан біреуіне жолдама беру есебімен квота бөлетінін қажылық жөніндегі кеңестің осы қағиданы алдағы кезде де берік ұстануын талап ететінін атап көрсетеді.

6. Ресей мұсылмандары орталық Діни басқармасының съезі еліміздің мемлекеттілігінің рухани негізіне, дініміздің басты қағидалары мен беделіне нұқсан келтіретін түрлі дін атын жамылған оспадарлардың іс-әрекетін батыл айыптайды. Осыған байланысты съезд Орыс православ шіркеуі мен Мәскеу және бүкіл русь Патриархы Кириллмен ерекше ынтымақтастықта екендігін білдіреді.

7. Ресей мұсылмандары орталық мұсылмандарының съезі Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путинге ел мұсылмандар қауымдастығының күн тәртібіндегі өткір мәселелерін талқылау үшін Ресей мұсылмандары орталық Діни басқармасының төрағасы шейху-л Ислам Талғат Сафа Тажуддин мен оның екі басты кеңесшісін қабылдауын сұрайды.

8. Көпшілік мешіттер шығындарына байланысты съезд делегаттары РФ үкіметінің төрағасы Д.А.Медведевтен діни ұйымдар үшін тұрмыстық газ бағасын түсіру мәселесін жалпы тұрғындарға арналған күнделікті қолдану тарифінен төмендету мәселесін қарауды өтінеді.

Келесі күні Талғат Тажутдин өтінішіміз бойынша Уфадағы «Ғалия» медресесінің директоры Ринат Раевқа медресеге Қазақстан Бас мүфтиінің зиярат еткісі келетінін, соған байланысты Бас мүфтиді оқу орнының тарихымен таныстырып, кезінде онда оқыған қазақ зиялылары туралы айтып бер деп тапсырды.

Уфа екі үлкен төбеге жайыла орналасқан. «Ғалия» медресесі соның батыс жақтағысының шетінде екен. Медресе 3 қабатты қызыл кірпішті.

Атақты оқу орны 1906 жылы қазан айында Уфадағы күмбезді мешіт жанына белгілі татар зиялысы, ұстаз, дінтанушы, Исламтану бойынша Стамбұл, Каирдегі әл-Азһар университетінде білім алған Зия Камалидің басшылығы және ұйымдастыруымен ашылған. Мақсат – мұсылман жамағаты өте мұқтаж исламтанушы ғана емес, дүнияуи де пәндерді оқытып, мамандар даярлау. Оқу орнының толық атауы «Ғалия ад-динийа», яғни ол «діни жоғары оқу орны» дегенді білдіреді. Бірақ бірте-бірте екінші сыңары көп айтыла бермейтін болған соң ұмытылуға айналды.

Медресе Садри Назилов, София Джантурина секілді озық ойлы меценаттардың қаржысына салынған. «Ғалияға» жергілікті мектептердің орта

және жоғары кластарын бітірген жастар емтихан қабылдау арқылы қабылданып отырған. Оқу мерзімі 6 жыл. Соның үш жылы дайындыққа кететін. Оқу бағдарламасында қасиетті Құран, хадистер, мұсылман хұқығы, тарих және ислам философиясына үлкен орын бөлінді. Сондай-ақ араб, түркі-татар, орыс тілдері, психология, педагогика, математика, физика, химия және т.б. пәндер оқытылды.

Соған қарағанда «Ғалия» жартылай діни оқу орны болған. Медресеге Орал-Еділ бойына мәлім үздік ұстаздар тартылады. Солардың ішінде М.Махмудов (татар тілі мен әдебиеті), Ф. Сайфи–Қазанлы (тарих) секілді сол кездің тамаша мұғалімдері дәріс берген. Медресеге Орал-Еділ, Қырым, Орта Азия, Қазақстан, Сібір, Солтүстік Кавказ аймақтарынан білім іздеген жастар келе бастайды. Медреседе алғашқы 10 жыл ішінде 950 шәкірт білім алып шығыпты. Солардың ішінен кейін атақты қаламгерлер мен ақындар, филологтар, әдебиетшілер, мемлекет қайраткерлері шықты. Көпшілігі башқұрт, татар, қазақ, өзбек, қырғыз, адыгей секілді мұсылман жұртының өкілдері.

Медресе 1917 жылы жабылып қалды да, діни сабақтарға тоқтау салынып, 1919 жылдан бастап дүнияуи пәндерді оқытатын жалпы білім беретін мектепке айналады. Онда көбінесе татар-башқұрт балалары оқыған.

Осындай тарихы бар медресе ұзақ жылдардан соң 1989 жылы қайта құру кезеңінде халықтың талап етуімен қайта ашылды. Медресе ғимараты қайтарылып, әділдік салтанат құрды.

Оқу орнының қайта жөндеуден өткізілгеніне де біраз жыл өтіпті. Әйтсе де ол тағы да жөндеуге мұқтаж. Тарихи медресе заман талабына орай «Хакимия» медреселері негізінде Ресейдің ислам университеті деп аталып, ислами жоғары оқу орнына айналдырылған.

Оқу орнының бір жеріне оның негізін қалаған Зия Камалидің: «Медресе мен үшін – бойымда ағып жатқан қаным, ол менің ұзақ түндер ұйқысыз өткізген түндерім, ол менің бүкіл қуанышым мен өмірім» деген шындықтан туған ұлағатты сөздері жазылып қойыпты.

Бұрынғы Ғалия, қазіргі Ресей ислам университетінде қазақ жастары да оқитынын байқадық.

Университет алдында бізді ректор Ринат Раев күтіп тұр екен. Ішке кірдік. Жүрегіміз лүпілдеп талай оқиғаларды бастан кешкен ежелгі оқу орнын аралап келеміз. Міне, дәріс бөлмелері, жатақхана, асхана, кітапхана. Шәкірттер келіп амандасып жатыр. «Ғалияның» тарихы жазылған кіре берістегі тақтаға үңілдік. Онда мұнда Мағжан Жұмабаев (1893-1938 ж.ж.) пен Бейімбет Майлиннің (1894-1938 ж.ж.) оқығанын, олардың «Садақ» атты қолжазба журналдар шығарғаны жазылыпты.

Медресені бітіргендерге куәлік (свидетельство)



берілген. Өлгі тақтаның бір бұрышына башқұрт зиялысы, атақты жазушы Сайфи Құдаштың (1894-1933 ж.ж.) «Ғалияны» бітіргені туралы куәлігінің көшірмесі қойылыпты. Онда Сайфи атамыздың медреседе 1914-1918 жылдары оқығандығы және орыс тілінде: «Закон Божий», «Догмат», «Таф-сир», «Хадис», «Ақайд», «Шариғат», «Священная история», «Общая история религий», «Ахлак» (нравоучение этика)», «Логика», «Психология», «Метафизика», «Методика», «Педагогика», «История», «География», «Арифметика», «Геометрия», «Космография», «Естествознание» секілді пәндер оқығаны көрсетіліпті. Кейбір деректерде осы Сайфи Құдаштың Мағжан Жұмабаевпен (1893-1938 ж.ж.) бірге оқығаны айтылады.

Бейімбет пен Мағжан аталарымыз жүрген-тұрған жерлерге қимастықпен қараймыз. Алдымыздан олардың өздері шыға келетіндей көрінеді.

Мағжан Жұмабаев Ғалия медресесінде 1910-1913 жылдары дәріс алыпты. Соған қарағанда ол медресенің 3 жылдық дайындық курсы бітірген сияқты. Осында жүріп ол «Садақ» журналын шығарысады, өлеңдерін жариялаған. Осы журналдың тарихына байланысты көрнекті ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев «Сандалтқан Садақ» атты зерттеу жазғаны есімде.

Ал Бейімбет Майлин әуелі Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде, содан кейін «Ғалияда» білім алыпты. Бұл 1911-1915 жылдары болса керек.

Иә, «Ғалия медресесінде бұлардан басқа да қазақ жастары дәріс алды. Олардың ішінде Т.Жомартбаев, Ж.Тілепбергенов, Қ.Оразбаев, И.Тасболатов, Ш.Назаров, Ғ.Қамзин, М.Оразбаев, Б.Серкебаев және т.б. 50-ден астам белгілі қазақ азаматтары болған. Мұнда қазақ қыздары да тағлым алған. Медреседе Жайық өңірінен барған шәкірттер арасынан кейіннен аты елге танымал А.Мәметов, Н.Манаев, Б.Жәнекешев, М.Рахманберлиев сияқты қайраткерлер шықты. 1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі қазақ жігіттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық жарық көрді. Осы жастар тобы барлығы 1400 сомның қазақ кітаптарын жарыққа шығарған.

«Ғалия» медресесін бітірген қазақ жастары жер-жерде мұғалім болып, халықты сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосты.

Ринаттың кабинетінің қабырғасына патшалық Ресей кезінде жасалған Ресей империясының картасы ілулі тұр. Онда осы күндері Ресейдің Орск, сондай-ақ Орынборға қараған жерлер Қазақ елінің территориясы екені көрсетілген.

Ринат материалдық қолдауға өте мұқтаж екендіктерін айтты. Мемлекет бізге бір тиын бермейді дейді ол.

Уфа біраз жаңарған. Ескі шаһар астананың шет жақтарында екен. Қаланың көптеген жерлеріне көп

қабатты ғимараттар салыныпты. Башқұртстанда мұнай шығады, олардың сол қаражатқа салынып жатқаны сөзсіз.

Жалпы Уфа тұрған төбелерден қарасаңыз қаланың шет-шеті орман екенін байқайсыз. Жазда Уфа жасыл желекке малынып, құлпырып кетеді екен. Ахмет Заки Валиди тұрған көшенің бір жеріне «Мәңгі Ресейменен» деген жазуды көзім шалып қалды. Тәуелсіздікке дейін Қазақстанның қалалары мен елді мекендерінен осындай жазуды көруші едік. Алла тағала Ресеймен мәңгілік бірге болуды қаламай Қазақстанға тәуелсіздік сыйлады.

Съезд біткен соң ертеңіне бір топ делегат Башқұртстанның оңтүстігіндегі Боздақ, Кандр, Октябрь аудандарындағы ислами діни оқу орындарын көру үшін жолға шықтық. Федералдық дәрежедегі жолдар тәп-тәуір. Жақсы жөндеуден өткені байқалады. Астаналарының жолдары да сапалы. Екі жылдан соң Уфада Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) жиналысы өтпек көрінеді. Қала соған дайындық үстінде.

Сонымен оңтүстік-батысты бетке алып келеміз. Тақталарға жол-жөнекей Орынборға дейін 359, Самараға дейін 450 шақырым екендігі жазылыпты. Жол шеті шоқ-шоқ орман, қайынды тоғай. Әдемі көрініс. Бір қырдан ассаң, бір қыр. Жол ұзақ жеткізер емес. Уфадан соң Салауат (Юлаев), одан соң Кандр ауданына келдік. Қалашақтың батыс жағы биік қыр. Ауылға коттеждер де салыныпты. Соған қарап халқы бақуат па деп қалдық.

Ұзамай елді-мекен ортасындағы бір ғимарат жанына келіп тоқтадық. Бізді Әли атты имам күтіп тұр екен. Ғимарат дегеніміз мешіт боп шықты. Әли имам Кандрға әлемнің түкпір-түкпірінен келген соншама дін қайраткерлерін көріп қуанып та, танданып та қалды. Қайтадан машинаға отырайын деп жатсақ бір орыс әйел келіп имамның үстінен арыз айта бастады. Бұл әйел не дейді, Талғат хазрет?

– Мешіт менің территорияма 50 см.-дей еніп кетті дейді.

– Кірсе қайтеді екен. 50 см. деген не? Соны да сөз ете ме, – дейміз біз ренжіп.

– Ол біраздан бері мені бопсалап жүр. Мешіттің салынғанына қарсы. Бірақ тікелей қарсымыз дей алмайды. Әр нәрсені сылтауратуда.

– Бопсасы сол, ақша алғысы келеді, – деді имам Әли. Талғат хазрет әлгі әйелге:

– Жарайды, аудан әкімшілігімен ақылдасып жауабын береміз, – деді.

Башқұрт телеарнасының бірінен Башқұртстанға Тәжікстаннан көшіп келген бір топ жамағаттың өздері қоныстанған елді-мекеннен мешіт салайын десе, орыстардың шулап қарсылық білдіріп жатқанын көрдік.

Сол Кандр шаһарындағы шағын кафеден шай ішкен соң, ілгері жүріп кеттік. Жолай Боздақ ауда-



нынан өтіп орталығы – Тұймазы ауылына жеттік. Тұймазы жаңа және ескі болып екіге бөлінген. Екеуі екі жерде. Жаңа Тұймазыдағы жол бойынан әдемі мешіт көрінді. Жуырда біткені байқалып тұр. Одан өткен соң, ескі Тұймазыны да артқа тастап енді бірде Октябрь ауданына жеттік. Бұл ауылдан гөрі, шағын қалаға ұқсайды. Мұнда 100 мың халық тұрады десті. Оның 70% мұсылмандар деседі. Қала ортасындағы Нұр Ислам атты медресе алдына келіп тоқтадық. Ол бұрын балабақша болыпты. Ұстаздарымен сұхбаттастық. Мұнда ер балалар мен қыздар бірге оқуда. Студенттер бізді медресе алдында күтіп тұр екен. Ішке кірдік. Бөлмелерін, дәрісханаларын араладық. Мұнда шәкірттерге 3 мезгіл тамақ та берілетіні айтылды. Шәкірт қыздар мен ер балалар кезекпен Құран оқыды.

Медреседе Тәжікстан, Дағыстан, Қырғызстаннан шәкірттер келіп оқуда. Қазақстаннан да Фазылов деген шәкірт білім алып, оқуын бітірген соң елге қайтып кетіпті.

Октябрь ауданынан соң Уфаға қайту үшін қайта жолға шығып, жаңа Тұймазы ауылына келіп аср намазын оқыдық. Мешітті 1990-1992 жылдары Кувейттің Азия мұсылмандары комитеті салып беріпті. Ол жерде де біраз мұсылмандармен ұшырасу болды. Сөйтіп жүргенде кеш болып қалды. Қайта жолға шықтық. Күн бата Уфаға келдік. Шаһар шетіндегі Талғат хазреттің үйіне (коттеджіне) тоқтадық. Талғат 1948 жылы туылған. Анасы, бірнеше ұлы, қыздары, немерелері бар.

– Мына қызым «боевой» дейді ел қызымен таныстырып жатып. Кеңес дәуірінде мектепте оқып жүргенде сыныптастары молданың қызы деп мазақтай беретін. Соған қарамай ол Құран жаттады. Мына немерелерім де бірнеше сүре, аяттарды жатқа біледі.

Мәскеуге ұшу үшін таңертең ертелеп Уфа әуежайына келсек Талғат хазрет бізді шығарып салу үшін келіп тұр екен. Жылы қоштастық. Амандықта-есендікте болайық деп дұға жасадық. Қоштасу дегеннен шығады, Талғаттың үйінен мейманханаға аттанарда Сирияның мүфтиімен де қайырластық. Шам елінде тезірек соғыс бітіп, тыныштық орнағай деп тіледік. Ол көзіне жас алып қалды. Конференция кезінде содырлар өзінің кіші ұлын атып өлтіргенін айтты. Бұзақылар қаншама қиянат жасаса да оларды кештім депті. Сөйтсе олар: «Кешкеніңнің керегі жоқ. Сені де өлтіреміз», – деп қокан-лоқы жасаған.

Палестинаның дінбасысы да қасыретті. Елін Израиль басып алып, азаттық үшін алысқандарды күнде өлтіруде.

Есіме 1991 жылы желтоқсанда Алматыда Ясир Арафатпен кездескенім түсті. Онда ҚазҰУ-де проректор едім. Көсемдерімен кездескенім жайлы Палестина дінбасысына айттым.

Ясир Арафатты Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің сол кездегі орынбасары Мырзатай Жолдасбеков бастап келгені есімде. Орта бойлы, жылы жүзді, жанынан үнемі тапаншасын тастамайтын, әскери киімді Ясир Арафатпен кездесу оқу орнының бас ғимаратының 14 қабатында өтті. Ол жалындап сөйледі. Ойпырмай, осындай да оптимист болады екен-ау десті кейбіреулер. Ясир Арафат Палестинаның тәуелсіздік алатынына сенді. Сол сеніммен дүниеден өтті.

Кездесуде Палестина әдебиеті туралы араб тілінде баяндама жасадым. Ол қатты риза болып бетімнен сүйді. Баяндамаңызды беріңіз журналымызда жариялайық деді. Кейін еліне оралған соң, кездесуде түскен бірнеше суретті беріп жіберіпті. Кейде ол суреттерге қарай отырып, оны еске алып жанын жәннатта болғыр деп дұға жасап қоямын.

– Сіздер бақыттысыздар ғой, – дейді Палестина дінбасысы. Отандарыңыз, парасатты Президенттеріңіз бар. Өркендеп келесіздер. Болашақтарыңыз алда.

Уфадан және т.б. жерлерден башқұрт тілінде жазылған жарнамалар мен хабарлар аз ұшырасады. Башқұрт тілінің қазақ тіліне жақындығын төмендегідей ұқсас сөздерден байқауға болады. Мысалы:

Кіру – инеу юлы (ену жолы)

Шығу – сықу

Ашық – асық

Кафе – кафеһе

Аялдама – тоқталыш

Көше – Урам

Су – сау

Шипажай – шифаханаһы

Тәулік бойы – тәулік бие

Түскі үзіліс – ғыш вахыты

Сатып алу – һатып алыу

Челябинск – Селәбе

Самара – һамар

Орынбор – Ырымбур

Башқұрт бауырларымыздың елінен мол әсер, үлкен ризашылықпен аттанып кеттік.

